

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 ақпанда № 31938 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 28.02.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін қалыптастыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 28 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғарғы білім

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 20 ақпандағы
№ 49 бұйрығына
1-қосымша

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шетелдіктердің тұрақты тұруға

рұқсат алу мақсатында сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) шетелдіктер – Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттік азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар;

3) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе.

2-тарау. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін қалыптастыру тәртібі

3. Тізбені қалыптастыру үшін уәкілетті орган:

1) жұмыс берушілермен шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіптер туралы "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы №154 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 тіркелген) бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қалыптастырылған кадрларға қажеттіліктің орта мерзімді болжамына;

3) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталының бос жұмыс орындарына талдау жүргізеді.

4. Уәкілетті орган осы Қағиданың 3-тармағына сәйкес жүргізілген талдау негізінде Тізбенің жобасын қалыптастыруға мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасына (бұдан әрі – ҰКП) келісуге жібереді.

5. Мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ҰКП Тізбе жобасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Тізбе жобасын келіседі немесе уәкілетті органға ұсыныстар жолдайды.

Егер Тізбенің жобасы он жұмыс күнінен астам келісуде болса және ол бойынша жауап берілмесе, онда Тізбенің жобасы әдепкі бойынша "келісілген" болып есептеледі.

6. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып Тізбені бекітеді.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.05.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім беру саласының атауы	Ұлттық сыныптауыштың 01-2017 қызметтердің тобы	Кәсіптің атауы
Денсаулық сақтау	2217-4-001	Дәрігер-нейрохируг
	2211-7-002	Дәрігер-гематолог
	2211-7-004	Дәрігер-онколог
	2215-2-002	Дәрігер-неонатолог
	2212-1-001	Дәрігер-эндокринолог
	2212-7-001	Анестезиолог-реаниматолог
	2214-8-001	Дәрігер акушер-гинеколог
	2215-1-001	Дәрігер-педиатр
	2216-3-002	Сәулелік диагностика дәрігері
Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	2145-9-005	Органикалық емес заттар технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2145-9-006	Органикалық заттар технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2145-9-007	Фармацевтика өнеркәсібінің инженер-технологы
	2146-9-006	Пайдалы қазбаларды дайындау жөніндегі инженер-зерттеуші
	2144-4-023	Авиациялық инженер
	2144-5-003	Ғарыш жүйесін аппараттық-бағдарламалық қамсыздандыру жөніндегі инженері
	2149-9-001	Жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі инженер
	2149-9-002	Лазерлік жабдық жөніндегі инженер
	2149-9-011	Целлюлоза, қағаз, полиграфия және талшық өндірісі технологиясы жөніндегі инженер-зерттеуші
	2149-9-012	Инженер-медициналық радиохимик
	2149-9-013	Инженер-медициналық физик

	2149-9-015	Тоқыма шикізатының классификаторы
	2131-5-001	Бактериолог
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі салаларында	2521-2-001	Ақпараттық технологиялық-инфрақұрылымының архитекторы
	2511-3-001	Бағдарламалық қамсыздандыру архитекторы
	2512-1-007	Бағдарламалық қамтылымды әзірлеуші
	2512-1-008	Бағдарламалық өнімдерді қолдау жөніндегі маман
	2512-2-003	Мобильді қосымшаларды әзірлеуші
	2512-3-001	Компьютерлік ойындарды әзірлеуші
	2519-9-001	Жасанды интеллект жөніндегі инженер
	2521-1-003	Үлкен деректермен жұмыс жөніндегі маман
	2523-0-006	Ақпараттық жүйелер сәулетшісі
	2519-9-002	Қосымшалар бағдарламашысы
	2511-2-001	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бизнес-талдаушы
	2512-1-001	Бағдарламалық қамтылым дизайнері
	2512-1-003	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жобаларының менеджері
	2524-0-003	Ақпаратты қорғау жөніндегі инженері
	2529-0-001	Бұлтты есептеу жөніндегі маманы
	2141-3-001	Автоматтандыру жөніндегі инженер
	2512-2-001	World Wide Web-әзірлеуші
	2512-1-005	Бағдарламашы-талдаушы
	2317-0-003	Оқытушы, доцент, ақпараттық-технологиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету профессоры, жоғарғы оқу орны
	2524-0-007	Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман
	2522-0-003	Сервер әкімшісі
	2512-2-004	Қосымшалар әзірлеушісі
	2524-0-006	Ақпаратты қорғау жөніндегі маман

Педагогикалық ғылымдар	2338-1-001	Өндірістік оқыту шебері (инженерия және инженерлік іс)
Креативті индустрия саласында	2166-1	Графикалық дизайнер
	2166-2	Графикалық анимация техникі
	2651-3-004	Суретші-иллюстратор
	3521-2-004	Дыбыс инженері
	3521-3-003	Бейнемонтажер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК